

мектеп-интернаттары, балабақшалар, мектептер мен жоғары оқу орындары, шығармашылық үйлері мен даму орталықтары жатады.

Үшінші, әлеуметтік-психологиялық деңгей жекелеген әлеуметтік топтар, ассоциациялар, ұжымдар шеңберінде тәрбиеленуді меңзейді. Мәселен, кәсіпорын ұжымы өз қызметкерлеріне тәрбиелік ықпал етсе, педагогтар ұжымы педагогтардың шығармашылық қуатын дамытуға әсер етеді.

Төртіншіден, тұлғааралық деңгей тәрбиелеу спецификасын тәрбиеленушінің жеке дара психологиялық және тұлғалық ерекшеліктерін ескеру арқылы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы ықпалдасу тәжірибесі ретінде анықтайды. Мұндайға мысал бола алатындар: ата-ана тәрбиесі, әлеуметтік психолог жұмысы, балалар, бозбалалар және ересектермен жұмыс жасау педагогтарының қызметі, білім беру жүйесі ауқымында әңгімелесуден туындайтын мұғалімнің оқушыларға тәрбиелік әсері.

Бесінші, интракисілік деңгей мәні тұрғысынан өзін-өзі тәрбиелеу болып табылады. Әртүрлі өмір жағдайларында адамның өзіне-өзі тәрбиелік әсер етуді жүзеге асыруды нұсқайды. Мәселен, оқу тапсырмаларын орындау, емтихан немесе спорттық жарыс кездерінде болатын таңдау мен қайшылық жағдайлары /8; 72/.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Ахметова Г. Ұстаз даярлаудың өзекті мәселері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 154 б.
- 2 Алтынсарин И. Собрание сочинений: В 3-х т. – А.: Мектеп, 1976. – 423 с.
- 3 Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – Алматы, 2004. – 460 б.
- 4 Даналардан шыққан сөз: Нақылдар жинағы. /Жинап, құраст., ауд. Ұ.Асыллов. – Алматы: Мектеп, 1987. – 383 б.
- 5 Абай журналы. Семей: «PRINTMASTER» полиграфиялық орталығы, 2014. – 66 б.
- 6 Жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу түсінігінің мәні //Саясат-Policy. – 2003. – №10. – 28 б.
- 7 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан. – 1992. – 112 б.
- 8 Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Алматы, 2002. – 369 б.

ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Жакупжанова Г.С.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Біздің халқымызда «Қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың белгісі ретінде қолданады. Әр елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді.

Жарық пен жылу, от пен су жоқ жерде тіршілік жоқ, ал осылардың көктегі көзі – күн, жердегі көзі – адамзат. Адамдардың бір-біріне мейірімі мен ұлағатты тәрбиесі тіршілікті сақтайды. Тәрбиесі түзелмей елдің көсегесі көгермейді, отбасы түзелмей болашақ түзелмейді.

Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала болашақта да сол әдебін сақтамақ. Әдепті, инабатты, адамгершілігі мол, сыпайы қыз тәрбиелеу – бүгінгі мектептің, қоғамның және ата-ананың негізгі міндеті.

Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, қыз баланы тәрбиелеу деген сөз – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала ержеткенде сол әдетін сақтайды.

Қазақ халқының мақсаты – әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін, сонымен қоса тіл мәдениетін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындыру, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа тәрбиелеу.

Қыз бала бойжетіп, әке-шешесінің, бауырларының ортасында бұлғақтаған дәуренін қалдырып, басқа бір үйге келіп келін атанады. Өз шаңырағын көтеріп, үй мен шаруаға иелік етіп, түтін түтетеді, ана болып өмірге перзент әкеледі. Жар құшып, ана болу – қыз баланың мақтанышы, әрі бақыты. Бұған әсіресе ата-ана қуанады.

Әлемдік жаһандану заманында қазақ қыздарының бойынан ұлттық болмысымызға жат қылықтардың, жағымсыз әдеттердің белең алуы бізді алаңдатып, тақырып өзектілігіне айналып отыр. Бұл мәселеге қоғамдық, саяси жағынан ғана емес тілдік тәрбие жағынан да қарастырғанды жөн көрдік. Бүгінгі таңда тіл білімінде өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық та, жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика іспеттес этнолінгвистика да «этностаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ мәселесі шеңберінде тоғысу нәтижесінде пайда болған жаңа сала. Академик Ә. Қайдар: «Этнолінгвистика – этнос болмысын оның тілі арқылы танып білу мақсатында туындаған лингвистиканың жаңа да дербес бір саласы», – дейді /1, 7/.

Этнолінгвистика – этностың болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы /2, 12/.

«Таяқ еттен, сөз сүйектен өтетінін» білген дана халқымыз сөзді тәрбие құралы ретінде ұстанғаны баршаға аян.

Біздің бабаларымыз әсемдіктің сұлу үлгісін ару қыздың тал бойынан көруді армандаған, қызды қонақ деп есептеп, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген. Нәзіктік пен өжеттілік бір бойынан табылатын қазақтың аруларына тәнті болған ақын-жазушыларымыз «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деп әнге қосып, өлең шығарғаны жасырын емес. Ал жалпы қазақ қызының болмысына «қарапайымдылық, сыпайылық, инабаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ақылдылық, имандылық» сияқты қасиеттер кіретіні сөзсіз.

Қазақ қызы әрқашанда еркін сөйлеп, ойын ашық айтқан, оның ішінде тіпті билік еткен әйелдер де болған. Алайда олар ешқашан да өзінің әйелдік болмысын жоғалтпаған.

Қыз бала тәрбиесінде ананың орны ерекше. Ана қыз бала тәрбиесінде әкеге қарағанда ерекше қызмет етеді. Қыз бала анаға бір табан жақын ғой. Басқа ұлтқа қарағанда, біздің қазақ қызының бойында ізеттілік, ар-ұят, ұялшақтық, үлкенге қызмет көрсету, үлкеннің алдын кесе-көлденең кесіп өтпеу, жаны ашу қасиеттері басымырақ сияқты. Осындай қыз балаға тән қасиеттерді қызының бойына сіңіретін ең бірінші – ол анасы. Қыз баланы жастайынан үй сыпыруды, яғни үйді таза ұстауға, төсек жинауға, ас пісіру, шай құю, кесте тігу, т.б. жанұяның үй жұмысын үйретуді анасы мен әжесі өз міндеттеріне алған /3, 63/.

Әсіресе қыз баланың көрікті болып өсуіне анасы ерекше көңіл бөліп, «Аттың көркі – жалы, қыздың көркі - шашы» деп, қыздың шашын күтіп өсіруді өнер санаған. Ол үшін оның шашын айранмен, қынамен жудырған. Шаштарын «қос бұрым» немесе «бестемше» етіп өру бойжеткен қыздың көркі болған. Қазақ халқының жырларында қазақ қыздарының шаштарын керемет суреттеген: «Шашының ұзындығы ізін басқан», «Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген», «Қыпша бел, қиылған қас, қолаң шашты», т.б.

Халық арасында бойжеткен қызды ажарына қарай жетіге бөлген:

Әдемі қыз – баппен сөйлеп, биязы күліп, жақсы-жаманның жөнін біліп тұратын;

Көрікті қыз – істі үйіріп, сөйлесе бұйырып, баурап алатын, бірден көзге түсе қоймайтын; Шырайлы қыз – көз жанары өткір, бет-әлпеті балбұл жанған, тәні шымыр;

Сұлу қыз – сөзі өткір, өзі пысық, өрескелдікті сүймейтін, болмашыға пісіп-күймейтін, келбетті; Ару қыз – бет пішіні, дене мүсіні келіскен, сөзі сыпайы, өзі әдепті, сұңғақ бойлы, терең ойлы; Ажарлы қыз – дене бітімі жинақы, тығыршықтай, сөзі салмақты, ісі тиянақты.

Әсем қыз – жүзі жылы, өзі ұяң, тәні нәзік.

«Қазақта қызға қырық үйден тыйым» деген сөз бар.
Түске дейін ұйықтауға тыйым, Бұрандап қылымсуға тыйым!
Тамақты обырлана асауға тыйым, Ұрлық-қорлыққа тыйым.
Салт-дәстүрден аттауға тыйым, Ұрыс-керіске тыйым.

Халқымыз қыз баланың көркіне оның ақыл-ойы мен мінез-құлқы сай болуын қалаған. «Адам көркі – шүберек, ағаш көркі – жапырақ» деп қыз балаларға қынама қамзол, дүрия бешпет, кәмшат бөрік, қос етек көйлек кигізген «Қызым үйде, қылығы түзде», «Қыз ақылы шешеден», т.б. мақал-мәтелдер соған арналған.

Қыз баланың жақсы болып өсуіне оның өскен ортасының, бірге жүрген құрбы-құрдастарының, дос-жарандарының да әсері күшті. Қазақтың «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыйым» деген нақыл сөздері сол өмір тәжірибесінен алынған. Сонымен қазіргі заманғы қыздардың бойынан: ақылдылық, инабаттылық, сымбаттылық, көріктілік және де іскерлік қасиеттері де табылуға тиіс. Халық «Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без» деген. Ұлы Абай атамыз «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма» деген екен.

«Қыз – өріс, ұл – қоныс» деп білгендіктен қазағым өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» деген. Қыз тәрбиесіндегі жеңге рөлі де көзден таса болмайды. «Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді келеді», өйткені әке-шеше айта алмайтын сырды жеңге жеткізеді. Қыздың балғын болмыс-бітімі мен тәрбиесінің басы-қасында аяулы жеңгелер жүреді. Сүйген жігіті мен екі арадағы әдепті қарым-қатынастың табиғи өрбуіне сеп болатын осы жеңгелер емес пе?

Заманның бағыт-бағдарына қарай мақал-мәтелдер де түрленіп, өзгеріске түсіп отырады. «Шешесі отырып, сөйлеген қыздан безін» дей келе, қыздың жақсысын іздеген. «Ақылды қыз білімге жүгінер, ақылсыз қыз сөзге ілігер» деп білген. Құдайдан тілейтіні де қызының барған жеріне тастай батып, судай сіңуі. Барған жерінде бағының ашылғанына қатты қуанады, бағы тайса қатты күйінеді. Қорқатыны – «қайта шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман» екен.

«Қыз» ең қасиетті сөз. Қасиетті болатыны бүкіл адамзат қыздан тарайды: қыз келін болады, келін анаға айналады, ал ана әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді.

Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді-тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дамытушы, әрине, әйел-ана. Халқымыздың ырысты ынтымағын, береке-бірлігін, туыстың татулығын іске асыратын да, ұйымдастыратын да әйел-ана. «Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса-ас көп», – деген ұлағатты сөз осыдан туса керек.

Қыз баланы құрметтеу, олардың алдында дөрекі сөйлемей, ізетті болу, ер-тұрманы әшекейленген сұлу жорғаларды қыздарына, қарындастарына мінгізу, киімнің әсем-сәндісін, әшекейлі бұйымдардың жақсысын қыздарына арнау-ежелгі дәстүр. Жиын-тойларда қыз баланы әр уақытта сыйлы орынға отырғызған. Жаңа келін болып түскен жеңгелері де қайын сіңлілерін атымен атамай «Еркежан», «Шырайлым» деп еркелеткен. Орта Азия мен Қазақстанда жалғыз келе жатқан қызды көрсе, оған қорғаныш болып, баратын жеріне дейін шығарып салатын болған. «Қыз өссе-елдің көркі, гүл өссе-жердің көркі» дегендей, қызғалдақтай болып өсіп, көктеп келе жатқан гүлдің мезгілсіз солып қалмауына қамқорлық жасаған. «Қызға қырық үйден тыю» деген мақал да осының айғағы. Міне, осындай тәрбиелік мәні зор дәстүрлерді атадан балаға мирас етіп қалдырып отырған.

Кең байтақ ұлы даланы мекендеген қара орман халқымыздың бір тілде сөйлеп, әдет-ғұрып, салт дәстүрінің, мінез-құлықтарының да біркелкі ұқсас болып келуі бұрынғы өткен қасиетті Домалақ ана, Айша бибі, Жаған бегім, Нұрбике ханым, Айғаным, Ұлпан, Зере, Ұлжан сынды дана аналарымыздан қалған үлгі.

Қазақтар әдетте елге келін болып түскен қыз өз елінің барлық жақсы қасиеттерін, рухани-моральдық құндылықтарын өзімен бірге ала келіп, табалдырығын аттаған босағасының

игілігіне, қала берді бүкіл сол бір қалың елге сіңірген. Бұл жақсы үрдіс, ғибратты ғадет бүкіл ұлттың бірлігіне, рухани болмысына игі ықпалын тигізген. Сондықтан да халқымыз қыздарына төрден орын беріп, қонақ деп еркелеткен, парасаттылыққа баулып еркін өсірген.

Қазақ қыздың өз жұртымен бірге қайын жұртының да тәрбиеге жауапты екенін қатты сезінеді. Оның қандай елге, қандай отбасына келін болып түсуіне көп нәрсе байланысты. «Жақсы елге түскен келін, келін, жаман елге түскен келін келсап». Бұл жерде қайын ененің рөлі көріне бастайды. Көбінесе «келіннің қайын ене топырағынан жаралғанын» қалайды. Шынында, көргенді елден шыққан қыздың көсегелі елге тап болуы зор бақыттың кепілі.

Ата-ене көңіліндегі ойды келінге туралап емес, тұспалдап жеткізуге тырысады. Тіпті көбінесе қызына сөйлеп отырған болып, келінінің құлағын діттейді, «Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда» дейді.

Түбі келіннің іс-тірлігі «еркек үйдің иманы, әйел үйдің жиғаны, жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс», «бірліктен бездіретін де – әйел, сұмдықты сездіретін де – әйел», «ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық», «жақсы әйел – жігіт біткенге бақ», «үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады» деген нақылдарға сай жетілуін қадағалайды.

Сонымен бірге келген келін татулық жаршысындай болса деп армандайды. Әсіресе абысындар арасының ынтымақты болуы көзделеді. «Ағайын тату болса, ат көп, абысың тату болса, ас көп» /4, 27/.

Қыз, әйел, қатын, абысын-ажын, ағайын туралы мақал-мәтелдерді саралай отырып, халық даналығына қайран қаласың! Атам қазақ ешбір жарғы, нұсқау жазып әуре болмай-ақ әрі қысқа, әрі нұсқа нақылдармен тәрбие-тағылымның тамаша үлгісін түйіп айтып отырған!

Қыз баланың тәрбиесі ата-анаға да үлкен сын еді. Жүн түту, жіп иіру, шекпен тоқу, кесте тігу, құрақ құрау, оюлап киіз басу, кілем тоқу, арқан есу, көрпе көктеу тағы басқа өнерді қыздарына бөгде босағаға бармай тұрып-ақ үйреткен. Осылай еңбекке баулу арқылы отбасы алдындағы жауапкершілік сезімін дамытып, психологиялық жағынан даярлай бастаған. Осының бәрінде ананың орны айрықша. Барлық ізгілік, мейірім, шапағат адам баласының бойына ананың ақ сүтімен дарыса керек.

«Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді». Әрбір ана бойындағы тағдыр берген бар асылын тоғыз ай толғатқан перзентінен аямаған. Олардың арасынан сөз ұстаған ақын да, ел қорғаған батыр да, шежіре шерткен ғалым да, ел қамын жеген дана да, үлгі-өнеге шашқан ұстаз да, талай дүлдүлдер мен шешендер, саусағынан бал тамған шеберлер де шыққан. Ел-жұртына ойран салған опасыздар да, қатыгез қара ниеттілер мен халқын қанқаксатқан жауыздарда болған.

Соған қарамастан, анаға табынбайтын, оған тоқтамайтын, оның алдында тізе бүкпейтін жан сирек. «Анадан алып туады», «Ана бауырындағы бұлақ», Сондықтан ана алдындағы қарыздың өтелмегені өте ауыр. «Ананды Меккеге үш арқалап барсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың», «Анасыз қыз жасауға жарымайды» деген тағы бар емес пе?

Бұлар ана туралы халық даналығынан алынған бірен-саран мысалдар ғана. Тағылымға толы осынау толғауларды тарата отырып, қазақ тілінің түпсіз де терең байлығына, ойыңды көріктендіріп, көңіл сарайыңды нұрландыра түсер асқан қасиетіне қалайша шаттанбайсыз!?

Дегенмен, көпшілік қыздарымыздың шектен шығып бара жатқандығы қатты қынжылтады. Онымен қоса, қазақ қыздарының өзге ұлт өкілдеріне тұрмысқа шығуы қалыпты жағдайға айналған сыңайлы. Ұлты басқа адамдармен шаңырақ көтерген бойжеткендеріміздің көпшілігі материалдық байлықтың жетегіне еріп, ертеңгі күнін ойламауынан туындайды.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда заман өзгерді ме, әлде адам өзгерді ме? Еріне бағынбайтын, бетінен алып беттендейтін әйел, кесепат қыз, кесір келін көбейіп бара жатқандай. Қазір қазақ қыздары бұзылу қаупін бастан кешіруде. Олардың бірсыпырасының әрекеттері ұлттық психологиядан ауытқып бара жатқаны байқалады: ар сақтау, ұятты білу, үлкенді ардақтау, кішіні құрметтеу, адамды сыйлау ұмытылып барады, тіпті жойылып барады деуге болады. Сондықтан барлық жоғары оқу орындарында қыз тәрбиесіне арналған арнаулы курс жүргі-

зілсе, бұл ұлттық маңызы бар оқиға болар еді деп ойлаймын. Мұны Білім және ғылым министрлігі ойланса екен. Қыз тәрбиесіне байланысты арнаулы оқулықтар шығарылуы қажет.

Біздің ЖОО-да оқып, білім алып жатқандардың көпшілігі - ауыл қыздары. Ауылдағы ең қажетті, әрі қасиетті шаңырақ, бар қазақтың алтын бесігі – мектеп. Сондықтан да қазақ халқының алтын бесігі-ұлттық мектептерге маман дайындау-біздің институт ұжымы үшін өрелі, әрі қастерлі міндет. Ұлы даланың дана қыздарының бүгінгі жас ұрпағы елдіктің ұраншысы және инабатқа толы өмірдің қозғаушы күші болса екен дейміз. Өз халқын сүйе білген жас адамдардың бойында ұлттық намыс та, ұлттық рух та, жарасымдылық та молынан табылады. Жас өскін талшыбық сияқты. Оны аялап-мәпелесең, бәйтерек болып өседі. Қыздар саналы да тәрбиелі болып өссе, терең білім алса, жоғарыда айтылған өрелі міндет биігінен көрінеріміз хақ.

«Менің еркектен қай жерім кем, өзімді өзім асырай аламын, еркектің маған қажеті шамалы, ғылым дамыған заманда еркексіз-ақ балалы бола аламын, – деп жүрген қыз келіншектеріміз бар. Мұндай әйелдердің күйеуіне бағынбақ түгілі, шаңырақ көтеруге деген ниеті де жоқ екені анық. Жұмыс басты болып, үйдің тірлігінен қол үзіп, даланың адамына айналады. Әрине, мұндай отбасылардың ажырасып тынары сөзсіз. Кешке жұмыстан шаршап келгенде алдынан күлімдеп әйелі, еркелеп балалары шықпаған отбасында қайдан береке болсын?! Ақылмен ойлаған адамға «Жәннат – ананың табанының астында» деп айтылған сөздің өзі жеткілікті емес пе?

Ғабит Мүсірепов айтқандай, «Ең жаман деген әйелдің қолынан адам жасау келеді» деген, бірақ бүгінгідей қыздарымыздың ұсақталып жатқанына қарап, бұлай ойламақ түгілі сенгің де келмейді. Батырлық пен қайраттылықты өн бойына қатар жинап, биязылығымен өзін бағалата білер қазақ қызының таза да тұнық болмысы – тектілігіміздің айнасы. Сондықтан да қыздарымыз қоғамдағы алатын өз орнын біліп, көңілге қаяу түсірмесе екен дейміз!

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
- 2 <http://e-kitaptar.com>
- 3 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998.
- 4 Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика (в материалах произведений М.О. Ауезова)». – Алматы, 1982.

ВОСПИТАНИЕ ТОЛЕРАНТНОСТИ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВУЗА

Жаркунгулова З.Д.,

Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай

На сегодняшний день необходимо признать, что наиболее прогрессивной, интеллектуально и творчески развитой частью молодёжи является именно студенчество. Учащаяся молодёжь во многом определяет вектор будущих преобразований казахстанского общества.

Воспитание будущих педагогов – актуальная задача наших дней. Главное в воспитательной работе со студентами – организация здорового, высоконравственного коллектива. Нравственная культура коллектива – качественная характеристика его духовной культуры в целом. В коллективе молодой человек развивается как социально активная личность, способная творчески и самостоятельно решать возникающие проблемы. Студенческий возраст и жизнь будущего специалиста имеют свою специфику. Она проявляется прежде всего в характеристике деятельности студента, творческого профессионала. Главное для молодого человека – приобрести собственный активный опыт нравственного поведения, соответствующего нормам морали общества. Чтобы этические принципы и общественные нормы определяли поведение студента в любых ситуациях, они должны быть не усвоены, а, по выражению А.Н.